

«Ақкемер ЖББОМ» КММ
Мектепалды даярлық «А» сыныбы
Жоспардың құрылу кезеңі 2024-2025 жыл 02-06 қыркүйек

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
<p>Балаларды қабылдау Ойын арқылы оқыту, өмірлік маңызды қалыптастыру, бақылау.</p> <p>Біртұтас тәрбие: Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы Мақсаты: : қоршаған ортаның тазалығын сақтау, табиғатты аялау, жаңаны тану.</p> <p>Апта дәйексөзі «Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына»</p> <p>Оқу аптасының басында бірінші ұйымдастырылған іс-әрекетте білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындау. (апта сайын, дүйсенбіде)</p> <p>(«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы)</p>	<p>Ерінбей әркез еңбектен Шын еңбек елді тербеткен Еңбектенбесең егер де Таппайсың бақыт жер-көктен</p> <p>БТҚБ: Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік қоршаған ортаның тазалығын сақтау, табиғатты аялау, жаңаны тану. еңбекке деген қызығушылықтарын арттыру. Қауіпсіздік ережелерін сақтау.</p> <p>Әнұранын орындау.</p>	<p>«Жүректен жүрекке» Балдырған баламыз, Досты көп табамыз. Қашан да, қайда да, Достар бір-біріне Сенімді боламыз. 2 деген 2 дос, Бірін-бірі қимайтын. Артық-кемді етпей сөз, Бірін-бірі сыйлайтын.</p> <p>БТҚБ: Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік Топтағы табиғат бұрышындағы еңбек. Еңбек құралдарын қолдану кезіндегі қауіпсіздік ережелерін сақтау</p>	<p>«Тілек тілеу» Барлығымыз табиғатты сүйеміз, Үлкендердің сөзін ойға түйеміз. Денсаулықты әрқашан да сақтаймыз, Бейбіт өмір баршамызға тілейміз!</p> <p>БТҚБ: Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік Мамандық иелерімен, олардың қызмет түрлерін таныстыру. Еңбектеріне құрметпен қарауға тәрбиелеу. Өз мамандығыңды сүюдің, білімді маман болудың маңыздылығын түсіндіру.</p>	<p>«Шаңырақ» Атамнан басталар, Әжеммен қосталар. Отбюасым мыналар: Ең жақын адамдар. Әкем мен анам бар, Бір туған ағам бар, Бір туған апам бар... Бәрін жақсы көремін. Еркелеймін, еремін! БТҚБ: Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік үй жануарларына, бөлме өсімдіктеріне күтім жасау дағдыларын қалыптастыру; үлкендердің еңбегін бақылау, көмек көрсету, «Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу (апта сайын) 1.Көшеде ойнап жүргенде қауіпті жерлерді және көліктің астына түсіп қалмайтын жағдайларды түсіндіріңіз. 2.«Бөгде адамдармен сөйлеспе, одан адамдар көп шоғырланған жерге қарай кетіп қал!»</p>	<p>«Сәлем берем үлкенге» Алдымыздан кезіккен, Көп танысты көреміз, Бәріне де ізетпен, Сәлеметсіз бе, ағай? – деп, Сәлеметсіз бе, апай? – деп, Есенсіз бе, апай? – деп, Амансыз ба, атай? –деп, Ұл-қыз сәлем береміз, Өнегелі өренбіз.</p> <p>БТҚБ: Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік «Еңбектің наны тәтті, Жалқаудың жаны тәтті» мақалдың мағынасын түсіндіру. Білімді, еңбекқор болуға тәрбиелеу</p>

<p>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</p> <p>«Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.</p> <p>(күн сайын) («Біртұтас тәрбие» бағдарламасы)</p>	<p>Бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы туған ұясы, өз отының басындағы, ата-ана тәрбиесі.</p> <p>«Баланың бас ұстазы ата-анасы» демекші отбасындағы таным, түсінік қалай қалыптасса, адамның бойында қалатын сол қасиет солай қалыптасады .(осы тақырыпта әңгімелесу)</p>	<p>«Отбасындағы әке ролі»</p> <p>«Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер», «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» демекші, жалпы отбасында ұл бала тәрбиесінде әкенің, қыз бала тәрбиесінде шешенің орны ерекше.</p>	<p>«Жақсы сөздер аясында»</p> <p>«Үлкенді сен сыйласаң, кіші сені сыйлайды, кіші сені сыйласа, кісі сені сыйлайды», «Аға әдепті болса, іні әдепті, апа әдепті болса, сіңлі әдепті» т. Б.</p> <p>Мақалдардан үлгі-өнеге, тәлім-тәрбиеге ерекше назар аудару.</p>	<p>«Отбасылық климат»</p> <p>Жас баланың дамуында ата-ананың орыны ерекше, сондықтан ата-ана өз отбасында қолайсыз жағдайларды баланың кезінше тудырмауға тырысуы қажет.</p> <p>Отбасындағы ұрыс-керіс баланың жүйкесін тоздырады.</p>	<p>«Еңбекке баулу»</p> <p>Адамзаттың қамы үшін еңбек қылсаң, алланың сүйген құлы боласың» деп отбасында баланы жастайынан еңбекке баулудың маңыздылығы жайлы әңгіме жүргізу.</p>
<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p> <p>«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б. ұлттық ойындар (күн сайын)</p> <p>(«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы)</p>	<p>«Шындыққа бір қадам» ойыны</p> <p>Балалар бір сапқа тұрады. Егер дұрыс болса бір қадам аттайды, дұрыс болмаса бір қадам артқа аттайды.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Сиырлар ұшады - Мысықтар мияулайды. - Қыста қар түседі. - Үлкенге орын береді. - Ата-аналарды алдау - Өтірікті досыңа жабу - Шындықты айту. <p>Ұлттық ойын: «Ақсерек-көксерек» ойыны. Мақсаты: Балалар ептілікке, бірлікке, тобы үшін намыстанып, жеңіске талпынуға үйренеді.</p>	<p>Шапалақты тыңда.</p> <p>Балалар шеңбермен жүреді. Жүргізуші алақанын соққанда балалар бір аяқпен , екі рет шапалақтағанда қолдарын екі жаққа созып , үш рет шапалақтағанда жүруін жалғастырады.</p> <p>Қанша дыбыс естідіңдер?</p> <p>Жүргізуші бірнеше рет қарындашпен үстелді соғады. Ал, балалар естіген дыбыстарын саусақпен көрсетеді.</p> <p>Ұлттық ойын: «Ханталапай»</p> <p>Мақсаты: Қазақтың ұлттық ойындарын дәріптеу арқылы балалардың интеллектуалдық, тапқырлық, ептілік, дәлдікке, ұстамдылыққа, байсалдылық қабілеттерін дамыту</p>	<p>«Жоғалған зат» ойыны</p> <p>Мақсаты: баланы көргенін есте сақтап қалуға дағдыландыру.</p> <p>Шарты: Үстелдің үстіне бірнеше зат қойылады, бала затқа мұқият қарайды да теріс қарап тұрады. Бала қайта қарағанда қай заттың жоғалғанын табу керек.</p> <p>Ұлттық ойын: «Арқан тарту»</p> <p>Мақсаты: Балаларды топтасып жұмыс істеп, бір-біріне көмектесуге үйретеді.</p>	<p>«Қайтала» ойыны</p> <p>Мақсаты: Баланың есте сақтау қабілетін дамыту, шапшаңдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Шарты: Балалар жұппен ойнайды, Әр балаға шырпының 6 талынан беріледі. Екі баланың бірі бір затты құрайды, жұбы соны тез қайталауы керек.</p> <p>Ұлттық ойын: Хан «алшы»</p> <p>Мақсаты: ұлттық ойындар арқылы балалардың бойындағы ұлттық қасиеттерін, ойлау қабілетін дамыту, адамгершілікке, шапшаңдылыққа, мұқияттылыққа тәрбиелеу.</p> <p>К/к: асықтар</p>	<p>«Шатаспай, есте сақта!» ойыны</p> <p>Мақсаты: Баланың зейінін дамыту, есте сақтауын дамыту.</p> <p>Шарты: Баланың алдына суреттер қойылады, тәрбиеші сол суреттерге қатысты сөздерді айтады, соған байланысты суреттерді табу керек.</p> <p>Ұлттық ойын: «Соқыртеке».</p> <p>Мақсаты: Балаларды дыбысты естуге сезініге үйрету. Балаларды сипау арқылы тану.</p>
<p>Таңертенгі жаттығу</p>	<p>«Жануарлар »</p> <p>Мақсаты: бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу</p>	<p>«Тосқауылдар»</p> <p>Мақсаты: заттардың, кегльдердің арасымен,</p>	<p>«Өзеннен өту»</p> <p>Мақсаты: кедергілерден секіріп өту, оң және сол</p>	<p>«Допты қағып ал»</p> <p>Мақсаты: допты жоғары, жіптің үстінен лақтырып бір</p>	<p>«Көңілді би»</p> <p>Мақсаты: музыкамен сүйемелденетін қимылды</p>

	аркылы секіреді. Заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеп өтеді. Шарты: жануарлардың суретіне қарап қимылдарын жасайды (денебелсенділігі)	жіптерден аттап жүру; қосалқы қадаммен алға қарай жүру. Шарты: балалар алдында тосқауылдар (батпақты су, тікенекті шөптер) бар, осы тосқауылдардан өтеді (дене шынықтыру)	аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан секіреді; тұрған орнында айналып секіру. Шарты: балалар алдында өзен бар, сол өзенге қойылған тастардың үстінен секіріп өту.	қолымен қағып алу; допты еденге бір қолмен ұрып, екі қолмен қағып алу. Шарты: балаларды екі қатарға бөліп тұрғызып, қолдарына доп беріп бір –біріне лақтырып, қағып алу.	ойындарда музыкаға сәйкес әртүрлі қарқында қимылдар жасау: Шарты: Музыка ырғағымен жаттығулар жасау.
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Тілге бойлау»: Тіл ұстарту жаттығуларына ойындар. Мұның бәрі кімдікі?» ойын жаттығуы. Мақсаты — сөздерді-заттарды, сөздерді-белгілерді қажетті сан мен жағдайда үйлестіруге арналған жаттығу. Балаларға жануардың суреті көрсетіліп, бір сөзбен жауап беру керек сұрақтар қойылады. Сұрақтар: кімнің күйірігі? Кімнің құлағы? Кімнің басы? Кімнің көзі? Сиыр — сиыр, сиыр, сиыр, сиыр. Қоян — қоян, қоян, қоян, қоян. Қой — қой, қой, қой, қой. Жылқы — жылқы, жылқы, жылқы, жылқы. Мысық — мысық, мысық, мысық, мысық.	«Тілге бойлау»: Грамматикалық жаттығулар: Мақсаты: дұрыс сөйлеуді қалыптастыру. «үйде бардым» (дұрысы - «үйге бардым»), «машинада міндім» (дұрысы - «машинаға міндім»), «жолда бардым» (дұрысы - «жолмен бардым»), «орындыққа отыр» (дұрысы — «орындыққа отыр»), «орманда кетті» (дұрысы - «орманға кетті»), «кино бардым» (дұрысы - «киноға бардым»)	Үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойын Лото «Көкөністермен жеміс жидектертер» Мақсаты: Көкөністермен жемістерді бір бірінен ажыратуға үйрету. Есте сақтау қабілеттерін жетілдіру.	Дидактикалық ойын: «Қандай жемісті алдың?» Мақсаты: жемістер (алма, алмұрт, өрік) туралы түсініктерін кеңейту. Есте сақтау қабілеттерін одан ары қарай жетілдіру, үлгіге сүйене отыра байланыстырып сөйлем құрастыру іскерліктерін дамыту	Тіл ұстарту жаттығулары: Үй жануарлары туралы Ие – ие – ие, Маң – маң басқан түйе. Та- та – та, Жібек жүнді бога. Иыр – иыр – иыр, Сүт береді сиыр. Зау – зау – зау, Мөңірейді бұзау.
«Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тындау (Күн сайын) («Біртұтас тәрбие» бағдарламасы)					
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Математика негіздері Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден құру «Шаршы құрастыру» дидактикалық ойыны Мақсаты: Балаларды бөлшектерден бүтін бір зат құрастыруға үйрету. Балалар ақ шаршының үстіне бөліктерге бөлінген түрлі-түсті	Сауат ашу негіздері Сөздерге дыбыстық талдау жасау «Артығын тап» ұйымдастырылады. 1. Бас, қол, көз, қас, тас. (тас) 2. Алма, алмұрт, шие, бие. (бие) 3. Шахмат, хоккей,	Математика негіздері Жиынды бөліктерге бөлу Ойын-тапсырма: Түрлі түсті картоннан геометриялық фигураларды кесіңіз және баланы олардың әрқайсысын тең	Сауат ашу негіздері Сөздегі дыбыстардың ретін, санын анықтау. дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау «Жалпы атауын ата» ойынын педагог ойнатады. 1. Автобус, такси, трамвай – ... (көліктер)	Математика негіздері Бөліктерден жиынды біріктіру «Біз рюкзакты жинаймыз» ойыны тартады. Бірнеше бала қатысса жақсы болмақ. Рюкзакке әрбір бала кезекпен айтылған заттарды тобына қаррай жинауы тиіс. Саны көбейген сайын, ойнау қиын

	<p>шаршыны құрастырып қояды. Бөлшектерден бүтін бір зат жасайды. Балалар қиналған жағдайда тәрбиеші оларға көмектеседі. Шаршының қанша бөліктен тұратынын санайды, құрастырылған шаршының түсін айтады.</p> <p>1-нұсқа: әрбір бала өзі жеке жинайды.</p> <p>2-нұсқа: шаршыны топ болып жинайды (қайсысы жылдам?).</p> <p>3-нұсқа: жеке немесе топпен, кім тез бітсе, күрделірек түрін беру.</p> <p>Көркем әдебиет Шығармалардың мазмұнын эмоциямен қабылдау «Менің досым» Мақсаты: 1. Суретке қарап әңгіме құрау, эмоцианалды қабылдау. Адал дос Екі дос көше бойымен жайбарақат әңгімелесіп келе жатты. Оның біреуінің аты – Аблан да, екіншісі – Абыз. Абыздың денсаулығы нашар, көп жүгіре алмайтын, демікпе сырқаты болатын. Бір үйдің жанынан өте бергендерінде дәу қара төбет арсылдап, тура алдарынан шыға келді. Абыз қатты қорқып: – Аблан, қаш, әне, ит келіп қалды, – деп айғайлап жіберді. Аблан жерден бір шыбық алып, итке қарсы ұмтылды. Ашулы ит Абланның шалбарынан бірнеше рет жұлқылап та үлгерді. Үлкендер келіп, Абыланды құтқарып алды. Абыз Абланның жанына келіп: – Мен қаш дегенде неге қашпадың? Қашып кеткенімізде шалбарыңды бүйтіп жыртып тастамас еді, – деді. – Мен қашатын болсам, сен тұтылатын едің. Өйткені, сен қатты жүгіре алмайсың ғой. Сені иттен қорғайын</p>	<p>футбол, волейбол, бокс, фокус. (фокус) 4. Пияз, қияр, қызанақ, сәбіз, жүзім. (жүзім) 5. Балға, балта, ара, егеу, шеге, терезе. (терезе) 1. Суреттерді ата. Дауыссыз дыбыстан басталатын сөздерді көк түсті сандықпен, дауысты дыбыстан басталатын сөзді қызыл түсті сандықпен сызып қос. 2. Дыбыстық талдау жаса. «Май», «сүт» сөздеріне дыбыстық талдау жасайық. Балалар орындарында жұмыс дәптермен өз беттерінше жұмыс жасайды. 3. Суреттерді штрихта. 4. Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып жаз. Саусақ жаттығуы 3. Қолымызды қайшылап, Қағаздарды қиямыз. Қиып-қиып аламыз, Біз көңілді баламыз.</p> <p>ЕББҚ Есту арқылы қабылдау мен айтуды қалыптастыруды дамыту. Тіл ұстарту жаттығулары. Та – та – та Ақ сақалды ата, Е – е – е Ақ жаулықты әже, Ке – ке – ке Асқар таудай әке На – на – на Мейірімді ана.</p> <p>Қоршаған ортамен таныстыру Еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсіну</p>	<p>бөліктерге бөлулерін сұраңыз. Геометриялық кескіндерді бөліктерге бөліп, баланы жинауға және суреттерге атауға шақырыңыз.</p> <p>Сөйлеуді дамыту Ана тіліндегі барлық дауысты дыбыстарды анық айту «Г» мен «К» дыбыстарының дұрыс артикуляциясы мынадай: ерін ашылып тілдің ұшы астыңғы тістің түбіне тиеді. Тілдің үстіңгі жағы таңдайға тиеді. Дем жоғары көтеріліп, тіл мен таңдайдың арасынан шыққанда «К» дыбысы жасалады. Дауыс шымылдығының дірілінен «Г» дыбысы естіледі. Қолайналарыңды алып, «Г», «К» деп айтқызу. Гү-лім, кө-гім. Гү-ріл, жү-гір. Кө-лік, кө-лең-ке. Ке-се, кес-те.</p> <p>ЕББҚ Сөйлеуді дамыту Байланыстырып сөйлеу; жануарлар және олардың төлдерінің атауларын білдіретін сөздерді, сөздердің түрлі тәсілдермен жасалуын айту. Сен таңерттен қайдан келдің? – Қайда келдің? (Мектепке келдім). – Сен келетін мектеп қалай аталады? —</p>	<p>2. Қыс, көктем, жаз, күз – ... (жыл мезгілдері) 3. Кептер, қарға, сауысқан – ... (құстар) 4. Қызанақ, қияр, қызылша – ... (көгөністер) Дыбыстармен жұмыс Мысалы «лак» сөзінде: • «Л» дыбысы бірінші тұр; • «а» дыбысы екінші тұр; • «к» дыбысы үшінші тұр. Әр айтылған дыбыстың өз орны бар. Егер дыбыстарды дұрыс айтпасақ, сөз дұрыс құралмайды. «Дұрыс тап» дидактикалық ойыны Балалар, мен тақтаға сызба ілемін, сендер мен айтқан дыбыс сөздің қай жерінде тұрғанын, яғни басында, ортасында, соңында тұрғанын тауып, төртбұрышты бояйсыңдар. Сендер бір төртбұрыштың бір дыбыс екенін білесіңдер. Л дыбысын орнан анықтаймыз. Мысалы: (п) піл, апа, қап. Есімізде сақтаймыз: берілген дыбыс сөздің басында, ортасында, соңында болуы мүмкін. Дидактикалық жаттығуы Әндетіп көр» – Балалар, өзіміз білетін бір әннің әуенін тек «а» дыбысын дыбыстау арқылы айтып көрейік. ЕББҚ Есту арқылы қабылдау мен айтуды қалыптастыруды дамыту. Тіл ұстарту жаттығулары: Үй жануарлары туралы Ие – ие – ие, Маң – маң басқан түйе. Та- та – та, Жібек жүнді бота. Иыр – иыр – иыр, Сүт</p>	<p>болады, бірақ бұл көңілді және қызықты.</p> <p>«Не өзгерді» ойыны Мақсаты: Көру арқылы ойлау қабілеттерін арттыру. Мазмұны: Тәрбиеші екі жолақты карточканы тақтаға іліп, бірінші жолағына бір алмұрттың суретін, екінші жолағына көп алманың суретін іледі де, балалармен бірге салыстырады. Содан кейін, керісінше, бірінші жолаққа көп алманы, екінші жолаққа бір алмұрттың суретін іледі. Бұдан не өзгергенін сұрайды.</p> <p>Сөйлеуді дамыту Сөздегі дыбыстардың орнын анықтау «Қорыққанға қос көрінеді» ертегісін тыңдату. Дидактикалық ойын: «Белгілі дыбысқа сөз таңда». Ойын шарты: Ертегідегі кейіпкерлердің бас әрпіне сөз ойлап айтады. Мысалы: «Әже» сөзіндегі «Ә» дыбысына; «Қыз» дегендегі «Қ» дыбысына; «Тауық» және «тышқан» деген сөздегі «Т» дыбысына сөз ойлау. ЕББҚ Сөйлеуді дамыту Сөйлеуді дамыту «Күз мезгілі» Сап-сары боп келе жатқан, Сезді мекен күзді олар. Қарлығаштар ұшып кетті, Ұшып кетті тырналар. Мақсаты: Балалардың сөздік қорларын молайтып, тілдің грамматикасы дұрыс сақтау дағдысын қалыптастыру. Қазақ тілі Ауызекі сөйлеуде көркем</p>
--	--	---	--	---	--

	<p>деп әдейі қалып қойдым, – деді Аблан. – Достар деген осындай болар, – деді олардың сөзін естіген үлкендер сүйсініп. Мақал-мәтелдер 1. Досы көпті, жау алмайды. Ақылы көпті, дау алмайды. 2. Дос, доссыз өмір бос.</p> <p>Сауат ашу негіздері Сөздің мағынасын түсіну 1. Суретке қара. Балалар не істеп жатыр? Іс-әрекетті білдіретін сөздерді ата. 2. Суреттерге қара. Әр топтағы заттарды бір сөзбен ата. Педагог балалармен бірге тапсырмаларды талқылайды. Балалар іс-әрекетті білдіретін сөздерді атайды: ойнайды, оқиды, сурет салады. Екінші тапсырмада 1 топ жабайы жануарлардың, 2-топ ыдыстардың, 3-топ киімдердің, 4-топ жәндіктердің, 5-топ оқу құралдарының, 6-топ музыкалық аспаптардың атын айтады. «Сөз жарысы» дидактикалық жаттығуы «Сөз жарысын» ұйымдастырайық. Мен бір тақырыпты айтамын, сендер сол тақырыпқа байланысты ғана сөздерге мысал келтіресіңдер. Мысалы: ыдыс, жануарлар, түстер т.б. Кім көп сөз айтса, сол жеңімпаз болады (сөз айтқан балаға түрлі түсті қаламнан беріліп отырады). – Ыдыс. – Кесе, тәрелке т.б.. Үзік сызықтарды үзбей бастыр, жалғастырып жаз. . Үзік сызықтарды үзбей бастыр. Саусақ жаттығуы. Партадағы саусақтар Адымдайды, жүреді. Өнерлі бұл саусақтар, Сурет сала біледі.</p> <p>Дене шынықтыру Жүру, сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру. Тепе-теңдікті сақтау. Шашырап, жұппен жүгіру.</p>	<p>«Ақылды машиналар» Мақсаты: Адамдардың жұмыстарын жеңілдетуде машиналардың көмегі туралы балалардың білімдерін бекіту. Істейтін қызметтеріне қарай машиналарды топтастыру.</p> <p>Ойын шарты: таратылған сурет бойынша әңгімелеу. Үлкендердің еңбегі жайлы әңгімелету.</p> <p>«Біздің көңіл күйіміз» Мимикалық ойын. Шарты: Мамандық иелерін мимикамен көрсету. Қалғандары іс-қимылдан табу керек.</p> <p>Құрастыру Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу. Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, киіз үйдің жасауларымен, тұрмыстық заттарымен, ыдыстарымен таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу</p> <p>«Мозаика» Мақсаты: Балаларға әр түрлі заттар, қазақы оюларды құрастыруды үйрету, балалардың ой-қиялын дамыту, еңбек-сүйгіштікке тәрбиелеу.</p>	<p>Мектепте кімдер жұмыс істейді? (Педагог, аспаз, медбике). – Мектеп ішіне саяхат жасағыларың келе ме? Қазақ тілі Қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіру Тілдік жаттығу. «Қандай?» Өрік өсті, Өрік пісті. Өрік өте дәмді, Өрік жеміс. Өрік сары. Мынау жүзім. Жү-ү-үзім. Ү-ү-ү- жүзі жеміс, дәмді. «Ажырат» ойыны көкөністер мен жемістерді себеттерге салу. Үлкенін, кішісін бөлек салу. «Көкөніс» тақпағы. Өрік, алма, шие, алша, Жидек, жүзім піседі. Қауын, қарбыз, қияр, сәбіз, Дүкендерге түседі. Астық пісіп, орақ түсіп, Қырман дәнге толады.</p> <p>Дене шынықтыру Жүгіру, белгіленген жерге дейін жылдамдыққа жүгіру. Заттардың арасымен, жіптерден аттап жүру. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қармақ». (3 рет). Балалар шеңбер бойына тұрады. Педагог ортада. Ол қолындағы бауды (қармақтың) бір ұшынан ұстайды. Баудың екінші ұшына құм салынған дорба</p>	<p>береді сиыр. Зау – зау – зау, Мөңірейді бұзау. Көркем әдебиет Кітапқа қызығушылығын дамыту «Мектепшілік кітапханаға» саяхат ұйымдастыру. Кітапханаға қызметкерлерінің жұмысымен таныстырып, кітаптар әлемін көрсету арқылы қызығушылығын арттыру жұмысын ұсынамын.</p> <p>Қоршаған ортамен таныстыру Туыстық байланыстарды түсіну, жеті атасын білу Туған соң адам боп Білімсізден жаман жоқ Ел дәстүрін білмесең, Жұрт айтады надан деп. Ата-бабан ардақты Жамандыққа бармапты Ардай тұтып үлкенді Ата жолын жалғапты. Өзге ұлттай біздің де, Бар дәстүр мен салтымыз. Ойнап – күліп жүру керек, Ойнап – күліп тұру керек. Жеті жасқа жетпей бала Жеті атасын білу керек. Қанеки кім жеті атасын біледі? Ата, әке, бала, немере, шөбере, немене, шөпшек</p> <p>Дене шынықтыру Еңбектеу, өрмелеу: заттардың арасымен төрттағандап еңбектеу. Гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып, өрмелеу.</p>	<p>сөздерді қолдану Жұмбақ шешу Жауып жаңбыр, жерде сабыр, Шөп, жапырақ солады. Айтындаршы, бөбектерім , Бұл қай кезде болады? -Қазір жылдың қай мезгілі? - Күз неше айдан тұрады? - Күзді неге «жомарт күз »деп атайды? Ойын : «Табиғат мейірімді ». Шарты: Сөйлемді бастап беру. Балалар сөйлемді әрі қарай жалғастырады. –Жер-Ана мейірімді ,өйткені ол(көкөністер мен жемістерді өсіреді). –Күн мейірімді, өйткені ол(жарығын, жылуын береді). Жомарт күз. Жемісі мол теретін , Күз дос екен бізбенен. Бәрін тауып беретін Жомарт екен күз деген. (тақпақ ж)</p> <p>Музыка музыкалық шығармаларға көзқарасын білдіру Балаларға бір түсті бірақ әр түрлі реңктегі карточка жаймалары беріледі. Балаларға: Көгілдір – ақырын музыка, қара көк – қатты музыка, көк – орташа. Өрі қарай музыка жетекшісі әнді ақырын, қатты жіне орташа орындайды. Балалар музыканы тыңдай отырып қолдарындағы фишкаларымен карточкаларды жабады. Музыкалық-ырғақты қимыл: Яғни оңға, солға бұлғауға болады. Өннің шумағын үйреніп болған соң</p>
--	--	---	--	--	---

	<p>Тізбекпен бір-бірден және шашырап жүру. Бір тізбекке тұрады. Тізбекте бір-бірден жүріп үйренеді, баяу қарқынмен жүгіреді. Қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіріп жүгіруге тырысады. Жүгіруден кейін тыныс алуларын қалпына келтіреді. Зал ішінде шашырап жүреді, белгі бойынша тізбектегі орындарын табады. Зал ішінде шашырап жүреді, белгі бойынша тізбектегі орындарын табады. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Бос орын» (5 рет). Балалар шеңбер бойына малдас құрып отырады. Жүргізуші шеңбер бойымен жүріп, бір ойыншының жанына келіп, оның жанына беторамалды тастайды да: «Бұл жер саған тар. 66 Өзіңе орын тауып ал», – дейді. Ойыншы беторамалды алады да, жүргізушіні қуады. Ал жүргізуші оның орнына жылдам барып отырып алуға тырысады. Орынсыз қалған ойыншы жүргізуші болады.</p>	<p>Шарты:Құрастырған мозайкадағы жұмыстары жайлы әңгімелету.Жұмыс жұптық, топтық бағытта өтуіне болады.</p> <p>Музыка Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілік таныту</p> <p>Үш карточка бірінші карточкада жарқырап тұрған күннің көзінің суреті, екінші карточкада бұлт басқан күннің көзінің суреті, үшінші карточкада жаңбыр мен бұлттың суреті</p> <p>Ойынға қатысушылар, ойын құралының санына байланысты алынады. Балаларға карточкалар таратылып, Үш түрлі музыкалық шығарма тыңдауды ұсынады.</p> <p>Балалар бос шаршыларды әуеннің көңіл күйіне байланысты, суреті бар карточкалармен жабады. Әр сурет әуеннің көңіл күйіне байланысты.</p> <p>Ән айту. «Көңілді күн»</p>	<p>байланған.</p> <p>Педагог жіпті жер бауырлата айналдыра бастайды. Балалар орында тұрып жоғары секіріп қалып, құтылуға тырысады. Жоғары секіргенде екпінмен итеріліп, аяқтарын жинап алады. Кімнің аяғы ілінсе, сол ойыншы «қармаққа түсті». Ойын барысында балаларды ауық-ауық үзілістер жасап, демалтып тұру қажет.</p>	<p>«Күрес» Гимнастикалық орындық үстінде алақан мен табанына таянып еңбектеу. Қол мен аяқты үйлестіріп қозғау, қауіпсіздік техниасын сақтау.</p> <p>«Көңіл күй» Отбасындағы көңіл күйді көрсетеді. Шеңберге тұрады.</p> <p>– Күзгі бұлт тәрізді қабақтарын түйеді;</p> <p>- Күн сияқты күлімдейді;</p> <p>- Дауыл соққандай ашуланады; -</p> <p>Найзағайды көрген адам сияқты қорқады;</p> <p>- Боран ішінде келе жатқан адам сияқты шаршайды;</p> <p>- Бұтақта отырған құс, толқынмен жүзіп келе жатқан кеме сияқты демалады</p>	<p>жалаушалармен жаттығу жасату. Жалаушалармен жаттығу. 1.Қолды екі жаққа жайып жоғары көтеру, қайта түсіру. 2.Қолды жоғары көтеріп денені оңға , солға иілту. 3.Жалаушаны жоғары көтеріп орындарында тұрып айналу. 4. Жалаушаны ұстап жүру.</p> <p>Логика әлемі (Вариатив) Заттар белгілері(түсі, пішіні, өлшемі, қызметі,материалы) Бірдей. Әртүрлі. Заттарды әртүрлі белгілер бойынша салыстыру. Геометриялық фигуралар туралы жалпы түсініктер (шеңбер, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тікбұрыш)</p> <p>Мақсаты: Заттардың белгілерін анықтау іскерлігін тексеру; Заттарды әртүрлі белгілері бойынша салыстыру, олардың қасиеттері мен айырмашылықтарын «бірдей», «әртүрлі» деген сөздерді қолдана отырып табу іскерлігін қалыптастыру;</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Серуенге қажетті құралдар: еркін ойынға қажетті ойыншықтарды дайындау</p>	<p>Серуенге қажетті ойыншықтардың санитарлық-гигиенаға сай болуы қамтамасыз етілуі тиіс.</p>	<p>Балалардың өздігінен және жүйелі киінулерін қадағалау. Жылдамдыққа, тиянақтылыққа баулу</p>	<p>Ауа-райына қарай киіндіруді қадағалау.</p>	<p>Ойын алаңын алдын ала дайындау.</p>

<p>Серуен</p> <p>Қауіпсіздік ережелерін сақта міндетін түсіндіру.</p>	<p>Күзгі күнді бақылау. Мақсаты: күнді, оның өсімдіктер, ағаштар, жәндіктер және барлық тіршілік иелері үшін маңыздылығын бақылауды жалғастыру</p> <p>Экологиялық міндет: күн сәулесінің адам мен өсімдік тіршілігі үшін құндылығын көрсету.</p> <p>Еңбек: құм жәшіктерін құммен толтыру. Мақсаты: балалардың бойына еңбекке деген құштарлығын ояту.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қарақұс пен балапандар» Мақсаты: тәрбиешінің нұсқаубұйрықтарын тыңдай білуге дағдыландыру. Жеке жұмыс: жұмбақ шешу. Жалғанда бір нәрсе бар аяқ қапты, Ұшады кешке дейін дамыл таппай... (Күн) Еркін ойын: «Қу түлкі». Мақсаты: жүгіру қабілетін дамыту</p>	<p>Күнді бақылауды жалғастыру. Мақсаты: серуендеуге, күнге деген қызығушылықты ынталандыру. Күннің кешке төмендеу түсетінін көрсету, күннің салқындау болғанын сезінуге шақыру. «Күн мен жанбыр» қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларды белгі бойынша жанжаққа шашырап жүгіруге және бірбіріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру. «Кегльді қағып ал» жаттығуы. Мақсаты: допты тура бағытта домалатып, алшақ тұрған кегльді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу. Еңбек тапсырмасы: ойын аяқталғаннан кейін барлық заттарды жинастыру. Мақсаты: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Еркін ойындары.</p>	<p>Торғайларды бақылау. Мақсаты: . Торғайдың ерекшеліктері, тіршілік көріністері туралы білімдерін тереңдету. Қимыл-қозғалыс ойындары. «Құстар мен мысық» Мақсаты: Балалардың денсаулықты сақтауға, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар. Мақсаты: . Қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету. Еңбек: аула сыпырушысының еңбегін бақылау. Жеке жұмыс: Құстардың тіршілігі жайлы диалог жүргізу.</p>	<p>Күзгі ағаштарды бақылау Мақсаты: Діңі мен жапырақтарының түсі бойынша қайың мен көктеректі ажыратуды үйрету, ағаш бөліктері (діңі, бұтақтары, түбірі) туралы ойды бекіту; туған өлкенің табиғатына сүйіспеншілік пен құрметке тәрбиелеу. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: гербарий үшін көктерек пен қайың жапырақтарын жинау.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Секірейік». Мақсаты: Ұзындыққа секіру дағдыларын қалыптастыру. Жеке жұмыс: Күзгі құбылыстарды бақылауға сұрақ-жауап жүргізу. Еркін ойындар</p>	<p>Жапырақтарды бақылау, зерттеу. Мақсаты: Алтын күздің алуан түрлілігімен, «жапырақтың түсуі» ұғымымен таныстыру; табиғатқа сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Қарапайым еңбек тапсырмалары: мектеп ауласындағы қоқыстарды жинау. (еңбек іс-әрекеті) Мақсаты: . Жұмыс істеу дағдыларын бекіту.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары. «Үйінді тап». Мақсаты: Ептілікті, белгі бойынша жылдам әрекет ету, ойын ережелерін дәл орындау қабілеттерін дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері Бір аяқпен орнында секіру. Мақсаты: . Шапшаңдықты дамыту. Жеке жұмыс: жапырақтарды жинатып, салыстырту.</p>
<p>Серуеннен оралу</p> <p>«Үнемді тұтыну» – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру (күн сайын) Топта, үйде үнемге үйрету.</p>	<p>Өз шкафтарына киімдерін салу, реттеу дағдыларын қадағалау.</p> <p>«Розеткаға жақындама!»</p>	<p>Серуен кезіндегі бақылау жайлы өз ойларын айтуға мүмкіндік беру.</p> <p>«Судың кранын жауып жүр!»</p>	<p>Серуенде бақылаған құстарды шығармашылық бұрышта мүсіндеу, суретін салу.</p> <p>«Үйде адам жоқта газга барма, сіріңке ұстама!»</p>	<p>Сырттан келгенде гигиеналық дағдыларды орындау: қол жуу, т.б</p> <p>«Топқа үшкір зат тықпа!»</p>	<p>Жинаған жапырақтарын қағазға жапсыруға болады.</p> <p>«Телефон қуаттағышын сөндіріп қой!»</p>

Балалармен жеке жұмыс (жеке даму картасы бойынша)	Күз туралы тақпақ айтқызу арқылы сөйлеу дикциясы төмен баламен жұмыс жүргізу.	Отбасы мүшелерінің мамандықтары жайлы әңгімелесу.	Тілінде ақауы бар баламен сұрақ-жауап арқылы жұмыс жүргізу.	Балаға еркіндік беру, сурет салуға ынталы балаларға шығармашылығын шыңдауға мүмкіндік беру..	Үндемейтін баламен жұмыс жүргізу.
Балалардың үйге қайтуы	Баланың адаптациялық кезеңі жайлы әңгімелесу.	Баланың күн тәртібі жөнінде кеңес	Ауа-райын ескеру	Үй жағдайында ойын бұрышының болуы жайлы ұсыныс айту.	Демалыс күндері қауіпсіздік ережелерін сақтауға кеңес.

Тәрбиеші: С.К. Мыктыбаева

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

«Ақкемер ЖББОМ» КММ
Мектепалды даярлық «А» сыныбы
Жоспардың құрылу кезеңі 2024-2025 жыл 09-13 қыркүйек

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
<p>Балаларды қабылдау Ойын арқылы оқыту, өмірлік мағызды қалыптастыру, бақылау.</p> <p>Біртұтас тәрбие: Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы</p> <p>Оқу аптасының басында бірінші ұйымдастырылған іс-әрекетте білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындау. (апта сайын, дүйсенбіде) Апта дәйек сөзі. «Жанұям - қорғаным, ата-анам - тірегім!» («Біртұтас тәрбие» бағдарламасы)</p>	<p>.Қазақстан- туған жер, Сені қатты сүйемін. Көлдер, таулар, даламды, Отаным деп білемін! Біз кішкентай баламыз, Қазақстанда тұрамыз. Отанды біз сүйеміз, Мақтаныш оны қыламыз.</p> <p>БТҚБ: Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік: Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу: отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;</p> <p>ҚР .Әнұран орындау.</p>	<p>Қолалысып, қәне, біз, Достасайық бәріміз. Айтарым бар сендерге, Тез тұрындар шеңберге. Қандай жақсы бір тұру, Достарменен бір жүру! Қандай жақсы дос болу</p> <p>БТҚБ: Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік Елдің, қоғамның дамуы үшін өзінің және басқалардың еңбегінің нәтижелері мен үлесін бағалауға тәрбиелеу;</p>	<p>Қоршаған өмір әлемі, Не деген көркем, әдемі! Сол сұлулықты сақтайық, Мадақтайық, мақтайық! Жер-Ана, саған мың алғыс, Сыйлайсың бізге қуаныш. Жазда, күзде, қыста да, Көркемсің көктем тұста да!</p> <p>БТҚБ: Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік: қоршаған ортаның тазалығын сақтау, табиғатты аялау, жаңаны тану.</p>	<p>Алдымыздан кезіккен, Көп танысты көреміз. Бәріне де ізетпен -Сәлеметсізбе, ағай?-деп -Сәлеметсізбе, апай?-деп -Есенсізбе, әжей?-деп -Амансыз ба, атай?-деп -Ұл-қыз сәлем береміз, -Өнегелі өренбіз.</p> <p>БТҚБ: Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік: ұқыпты кину және өз заттарын күту, өз бетінше тамақтану және тазалықты сақтай білу; жеке қауіпсіздік ережелерін сақтау.</p> <p>«Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу (жоспардан) (апта сайын)</p>	<p>Біз мектепке келгенде, Ақпейілмен қарсы алған. Өлең айтып үйретіп, Би билеткен, ән салған. Риза әже, атай да, Риза ағай, апай да. Рақмет деп айтамыз, Тәрбиеші апайға.</p> <p>БТҚБ: Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік: отбасында, мектепте, туған өлкеде әлеуметтік маңызды әрекеттерге қатысу; еңбек әрекетінің ерекшелігін түсіну, еңбек қатынастарын реттеу, өзін-өзі тәрбиелеу және кәсіби өзін-өзі дамытудың маңызын түсіну; жеке өмірлік жоспарларды, қажеттіліктерді ескере отырып, одан әрі білім алуға және кәсіби қызмет нұсқаларын саналы түрде таңдауға дайын болу.</p>
<p>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</p> <p>«Өнегелі 15 минут» – ата- аналардың баласымен мінез- құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.</p>	<p>Бала ата – анасының қорғанышы,сүйіктісі болу керек. Осы өмірде өте мықты,ержүрек,ешкімнен қорықпайтын әкесінің бар екенін,және де өте мейрімді, ақылды анасының</p>	<p>« Мен кімін?» , « Менің жақсы жақтарым және кемшілігім» деген сұрақт арды қою арқылы баланы білуге бо лады. Мақсаты: Ұялмай өзінің кемшілік жақтарын, жақсы жақтарын ортаға айту.</p>	<p>Кейбір ата-аналар өз перзентін шектен тыс еркелетіп, баланың бетінен қақпай, көңіліне қарап тәрбиелейді. Ал мұндай көріністер баланың бойына кері қасиет пайда болуына</p>	<p>. Ұрпағына бар асыл қасиетті сіңіріп өсіруді армандамайтын адам жоқ. Ең алғашқы тәрбие баланың өмір сүріп отырған ортасы – отбасында басталады, әрі қарай балабақшада, мектепте, қоғамда қалыптасады.</p>	<p>Ата-аналардың міндеті – балалардың жетілуіне көмектесу, тіпті оқу үдерісіндегі ең кішкентай жетістіктерге де қолдау көрсету. Сондықтан ата– аналар оқу-бала мен ересек адамның ортақ ісі екенін қашанда есте ұстауы қажет</p>

<p>(күн сайын) «Біртұмас тәрбие» бағдарламасы)</p>	<p>бар екенін сезінуі тиіс.</p>	<p>Балаға адамдармен қарым қатынас жасау мүлде зиян емес екенін, қорқатын ештеңе жоқ екенін айту.</p>	<p>тікелей жағдай тууына себеп болады.</p>		
<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу</p>	<p>Саусақ жаттығу. Құстар қанат қағады Құстар ұшып барады, Көкте қанат қағады. Барлық құстар қосылып, Шиқ-шиқ-деп, ән салады</p>	<p>Дыбыс артикуляциясын дамытуға арналған әзіл-жаңылтпаштар ер-ер-ер Қасиетгі жер. Төгілді көп тер. Жемістерді тер. Аға соңынан ер. Сұрағанын бер. лау-лау-лау Желбіреді жалау Лапылдайды алау</p>	<p>Дидактикалықойын: «Танысу». Балалар аттарын айтып,қуыршақпентанысады. – Сенің атың кім? – Менің атым –. – Менің атым –. – Менің атым – -Сен нешедесің? -Менімен дос боласың ба?</p>	<p>Топтықжұмыс. Бір-бірден берілген заттарды қоршап сызады. Тәрбиеші балалардан сыйлық ретінде ойыншықтарды қаншалықты жиі алатындығы туралы сұрайды. Тапсырманы орындауды ұсынады: бір сыйлықты таңдаңдар.Онданеболуы мүмкін? Оны бояңдар. Тапсырманы орындайды– бір қорапты таңдап, оны бояйды.</p>
<p>«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б. ұлттық ойындар (күн сайын) «Біртұмас тәрбие» бағдарламасы)</p>	<p>«Сақина салу». Мақсаты: Балалардың қимыл белсенділігін, ойында ынтасын арттыру. К/к құралдар: сақина. Шарты: Дөңгелек ортасында тұрған жүргізуші, алақанының арасына сақинаны салып, қалған ойыншылардың алақандарына салған болып шығады.</p>	<p>« Айгөлек.» Мақсаты: жастардың денесін шынықтыруға, ұстамдылыққа, күштілікке тәрбиелейді. Барысы: Ойын тәртібі: жиналған балалардың ішінен екеуі шығып, басқаларды екіге бөледі де, әрқайсысы өз тобын басқарады. Басқарушылар екі топты бір-біріне қарама-қарсы 3-4 метр қашықтыққа қаз-қатар тұрғызады</p>	<p>«Түйе-түйе» Мақсаты: К/к: түйенін, боталардың маскалары . Барысы: Ойыншылар екі топқа бөлінеді. 1- топтың адамдары — бірі інген де, қалғандары боталар. 2-топтың ойыншылары ойын жүргізушісінің әмірімен жан-жаққа бытырайды да, інгеннің боталарын бір-бірлеп ұрлайды</p>	<p>«Тенге ілу» Барысы: Ойынға қатысушылар тепе-тең екі топқа бөлінеді.Әр қайсысы жеке-жеке шыбықтан ат мінеді. Ойын кезгі басталатын жерге сызық сызылады.Одан әрі 20-30 метрдей жерден тереңдігі бір қарыстай екі шұңқыр қазылады.Шұңқырға он-оннан тас салынады.Содан екі топтан екі сайыскер шығады.сызыққа келіп қатарласып тұрады.Бастаушының белгісі бойынша шыбық аттарын құйыңғытып,шаба жөнседі.Сол беттерімен әлгі шұңқырға тжетіп қол соғып жібереді де, тасты іліп алып,әрі қарай шауып кете барады, шұңқыр тұсында</p>	<p>«Бәйге» Шарты: Әр топтың алдына 3 - 4 м қашықтықта межелер белгіленді. Екі топтың балалары (арақашықтық2м) сап түзеп тұрады. Бұл ойында жұптасып жарысады. Әр топқа бір ат, бір қамшы байланады. Белгі бойынша әр топтан бір баладан атқа қонады да жарысады. Балалар аттың шабысына салып шабуы тиіс.</p>

				бөгелуге болмайды.	
Таңертенгі жаттығу	<p>«Шапалақ» Б.қ: Аяқтары алшақ, қолдары төмен. 1-2 Қолдарын доға тәрізді жоғарыға көтеріліп айналдыру, шапалақ ұру. 3-4 Сол жаттығуды аяқтың ұшына тұрып орындау. 6-8 рет қайталау.</p>	<p>«Батут» Б.қ: Аяқтары алшақ, қолдары төмен. Жартылай отырып, өкшелерін еденнен көтермей, қолдарын алға артқа сілтеу. 4-брет орындағаннан кейін арқаларын тік ұстап қайта 6-рет қайталау.</p>	<p>«Тізе астынан шапалақ ұру» Б.қ: Арқасымен жату, қолдарын бастарының астында. 1-Тізерлеп бұғу, бастарын көтеру, тізесінің астынан шапалақ ұру. Тапсырманы 5 рет қайталау.</p>	<p>«Табанға дейін созыл» Б.қ: Тізерлеп тұру, қолдарын жанына созу 1-2 Оңға бұрылу, оң қолымен сол табанына тию. Сол қолы оң иығында. Қайта оралу келесі қолымен сол тапсырманы қайта орындау. 5 рет орындау.</p>	<p>«Қолынды ауыстыр» Б.қ: Тігінен тұру. 1-2 Отыру, табандарын көтеру, тізелерін жандарына созыңқырау, бір қолын иығына, екіншісіне жанына созу. 3-4 тура солай екінші қолымен қайтару 10 рет қайталау.</p>
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p> <p>«Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау (Күн сайын) («Біртұтас тәрбие» бағдарламасы)</p>	<p>«Мейірімді істер» атты ойынға шақырамын. Балалар менің қолымда әдемі себет бар осы себетке мейірімді істерді жинаймыз. Ол үшін мынатүрлі-түсті гүлдерді алып үйде ата — аналарыңа қандай көмек көрсететіндеріңді айта отырып гүлді себетке салу керек.</p>	<p>«Тілге бойлау»: Шешендікке, әдеби тілге баулу Мақал мәтелдер» Мақсаты: Айтылған мақал- мәтелді қайталап айтып беруге дағдыландыру</p> <p>Отан-отбасынан басталады.</p> <p>Әке-асқар тау.</p>	<p>Жазу дағдылары: Көлденең және тік сызықтарды салу, дөңгелек пішінді заттарды бейнелеуді үйрету «Суреттер сыры» Мақсаты: Суретті үлгі бойынша бояп, эстетикалық талғамын дамыту.</p>	<p>«Пазл жина» ойыны Мақсаты: пазлдарды жинайды, логикалық ойын тапсырмаларын орындайды; Шарты : : пазл бөлшектерінен белгілі бір бейнені құрастырады (математика)</p>	<p>«Шатаспай, есте сақта!» ойыны Мақсаты: Баланың зейінін дамыту, есте сақтауын дамыту. Шарты: Баланың алдына суреттер қойылады, тәрбиеші сол суреттерге қатысты сөздерді айтады, соған байланысты суреттерді табу керек.</p>
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	<p>Математика негіздері Сан және санау: 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санау "Сана - қателеспе!" ойыны. Сандарды тура және кері санау жаттығуларын жасаймыз. Ойында доп қолданылады. Балалар жарты шеңберге орналасады. Ойын басталар алдында</p>	<p>Сауат ашу негіздері Сөздерді буындарға бөледі, олардың саны мен ретін анықтау Бір буынды сөздер: ақ, ат, бақ, бас, доп, тас, топ т.б. Екі буынды сөздер: ал-ғыс, а-дал, а-дым, а-зат, ай-бын, ай-на, жа-зық, жаң-быр т.б. Үш буынды сөздер: а-за-мат, бал-мұз-дақ, бас-пал-дақ, кө-гіл-дір, сыр-ға-нақ т.б.</p>	<p>Математика негіздері "Қанша?", "нешінші?" сұрақтарын ажырату "Қанша" ойыны . Тақтаға заттардың саны әр түрлі 6-8 карточка бекітілген. Жүргізуші: "Қазір мен жұмбақ жасап жатырмын. Кім оны тапса, есептейді карточкадағы заттар санды көрсетеді.</p>	<p>Сауат ашу негіздері Берілген буынға сөз құрастыру Билингвалды компонент: сызғыш – линейка. Дидактикалық ойын: «Сөйлемдерді толықтыру». Ойын шарты: балалар педагогтің бастаған сөйлемін жалғастырады және сол сөзді буынға бөліп созып айтады. – Өзімнің үлкен бауырым ... (а-ға) – Қыз құлағындағы</p>	<p>Математика Теңсіздіктен теңдік немесе теңдіктен теңсіздік шығару Бірдей зат түсі, көлемі пішіні бойынша. .Бұл жерде қандай фигура артық, сұрақ белгісі арқылы тұрған жерде. Салыстыру фигураны орнына қою. Балалардың шығармашылығымен орындалған математикалық</p>

